

Қоржынкөл ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 18 қарашадағы № 11 "Қоржынкөл селолық округінің Лесной селоның құрамдас бөлігін атау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Федоров ауданы Қоржынкөл ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 28 мамырдағы № 7 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 1 шілдеде № 4901 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 қаңтардағы Заңына сәйкес, Қоржынкөл ауылдық округінің әкімі

Ш Е Ш І М Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Қоржынкөл ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 18 қарашадағы № 11 "Қоржынкөл селолық округінің Лесной селосының құрамдас бөлігін атауы туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-20-104 тіркелген, 2009 жылғы 1 қаңтарда "Федоровские новости" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

шешімнің мемлекеттік тілдегі тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "селолық", "селоның", "селосы" деген сөздер тиісінше "ауылдық", "ауылының", "ауылы" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің қосымшасында мемлекеттік тілдегі бүкіл мәтін бойынша "селоның", "селолық", деген сөздер тиісінше "ауылының", "ауылдық" деген сөздермен ауыстырылып өзгерістер енгізілсін; орыс тіліндегі мәтін өзгертілмейді.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ о р ж ы н к ө л а у ы л д ы қ
округінің әкімі *Е. Абдурахманов*